



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҰЛТТЫҚ ТЕСТІЛЕУ ОРТАЛЫҒЫ**

АЛҒЫС ХАТ

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Ұлттық тестілеу орталығы» РМҚК атынан Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Төрағасы Асанов Жақып Қажыманұлына және Жоғарғы Сотының жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаментінің басшысы Ахметзакиров Наиль Рафисович пен оның орынбасары Жұмақсанов Елдос Шағанұлына қызметтегі жоғары кәсіби деңгейі үшін алғыс білдіреміз.

Құқық саласындағы жұмыс барынша табандылықты, еңбексүйгіштікті, кәсіби білімнің жоғары деңгейін, әділдіктің асқақтаған сезімін талап ететінін және осы аталған қасиеттер судьяларда күнделікті көрініс табатыны барлығына мәлім.

Сонымен қатар, Нұр-Сұлтан қаласы сотының судьясы А.С. Раимбаев пен Нұр-Сұлтан қаласы Есіл аудандық сотының судьясы А.Д. Тулеубаевқа жоғары кәсібилігі, азаматтық істерді қарау кезінде әділдік, объективтілік және заңдылық қағидаттарын қатаң ұстанатыны үшін жеке алғысымызды білдіреміз.

Мұндай судьялар бізге, яғни Қазақстан азаматтарына сот төрелігіне деген сенімді нығайтады, ал бұл өз кезегінде халықтың сот билігіне деген жоғары бағасы деп есептейміз.

Сот жүйесінің азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғауды, Қазақстан Республикасы Конституциясы мен заңдарының орындалуын қамтамасыз ететініне үлкен сенім артамыз.

Бұдан бөлек, короновирус инфекциясына байланысты қолданылған шектеулерге қарамастан дер кезінде және уақытылы әрекет жасап жүргендері үшін Бұқаралық ақпарат құралдарына ерекше алғыс айтамыз.

Директор

Д. Смагулов

**НҰР-СҰЛТАН
2021 жыл**